

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы

№74 жалпы орта білім беретін мектебі

# Тәрбие сағаты

**Тақырыбы:** Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!

**4 «А» сынып жетекшісі : А. Жуманова**

**2024-2025 оқу жылы**

<b>Тақырыбы:</b> "Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік"		<b>Күні:</b> 25.11.2024ж
<b>Мақсаты:</b>		<b>Күтілетін нәтиже</b>
Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс-жүзінде асыра білуге үйрету. Жолда жүру ережелерін ойда сақтай білуге, тәртіптілікке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге ықпал жасау		Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдері нығаяды, оны іс - жүзінде асыра біледі, есте сақтау қабілеттері артады, көшеде көше ережесін сақтап, өздерін дұрыс ұстап жүруге үйренеді
<b>Қолданылатын ресурстар:</b>	Ұлы адамдардың ойлары, нақыл ұлағатты сөздері, тіл туралы мақал-мәтелдер, газет-журналдардан үзінділер, видеопроектор.	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Ролик көрсету, "Жас полицейлердің тапсырмалары", "Кім тапқыр?" ойыны, сөзжұмбақ шешу т.б.	<b>Жұмыс түрі</b>
<b>Сабақты ұйымдастыру</b>  Сыныптың психологиялық ахуалын құру, топқа бөлу шеберлігі.	<p>Сабақтың барысы:</p> <p><b>I. Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <p>Оқушыларды түгендеу</p> <p>Қ.Р Мемлекеттік Әнұранын орындау</p> <p><b>Психологиялық дайындық жасау:</b></p> <p>Жол белгілері арқылы топқа бөлу : "Ескерту белгілері" және "Тыйым салу" белгілері</p> <p><b>2.Ролик көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу</b></p> <p>"Ой қозғау" мақсатында сұрақтар қою</p> <p>Бүгінгі, "<b>Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік</b>" тақырыптағы сабағымыз сайыс түрінде өтіледі. Оған екі топ қатысады. Оларға "Жол белгілері" және "Бағдаршам" деп ат қояйық.</p> <p>Сайыс мынадай бөлімдерден тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Топтар өз атауларын, ұрандарын таныстырады</li> <li>2."Заман және тарих"</li> <li>3. "Жас полицейлердің тапсырмалары" және әндері</li> <li>4."Кім жылдам?" ойыны</li> <li>5."Бағдаршам"</li> <li>6.Сөзжұмбақ</li> <li>7. Жұмбақтар</li> </ol>	Жеке

II.Негізгі бөлім

Сонымен ,сабағымыздың бірінші бөлімін тыңдайық :  
**ын, ұрандарын таныстырады**

**"Жол белгілері " тобы.** **Ұраны :**  
Үйрен таппай тыным бір, Белгілердің тілін біл!

## 2."Заман және тарих"

**Тарихы:**

**1 - оқушы:** Бағдаршам тарихы. Ең алғашқы бағдаршам темір жол бойында пайда болды, оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал 1868 жылы ағылшын инженер – механигі Д.Найт оны көше қиылысына ыңғайлап Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты.

**2 – оқушы:** - Алдымен түрлі – түсті сигнал берілісінің көмегі арқылы өзгертіліп отырды. Аппарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай , бірде газ жарылып кезекте тұрған полицей қаза болды да, содан жарты ғасыр ұмыт болды.

**3 - оқушы:** - 1914 жылы Американың Кливленд қаласында, сосын Нью – Йорк, т.б. қалаларында пайда бола бастады. Бұл жолы электрлі болды. Ол кезде тек екі түс қызыл және жасыл болды. 1918 жылдан бастап үш түс қолдана бастады

Топтық

Жеке



**"Мен полицей боламын " әні**

**4."Кім жылдам? " ойыны:** Балалар түрлі жол белгілерінің нені білдіретінін анықтайды?

**5."Бағдаршам" :** Бағдаршам ойыны. Оқушылар 1 – ші бағдаршамның «жасыл» көзін көрсеткенде балалар жүрген сияқты , бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді. 2 – ші бағдаршамның «сары» көзін көрсеткенде ду қол шапалақтайды. 3 – ші «қызыл» көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады.

	<p><b>6.Сөзжұмбақ шешеді:</b></p> <p><b>1.Сөзжұмбақ.</b>  <b>1.</b> Жүруге рұқсат беретін бағдаршам көзі? (<b>Жасыл</b>)  <b>2.</b> Жүрісті реттеп тұратын адам? (<b>Жолреттегіш</b>)  <b>3.</b> Көлікті жүргізетін адам (<b>Жүргізуші</b>)  <b>4.</b> Автобуста келе жатқан адам (<b>Жолаушы</b>)  <b>5.</b> Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол? (<b>Жиекжол</b>)</p> <p><b>1.Сөзжұмбақ.</b>  <b>1.</b>Көліктен жүретін жолдан жүргіншілерге арналған жол белгісі (Зебра)  <b>2.</b> Дайындықты білдіретін бағдаршам көзі? (<b>Сары</b>)  <b>3.</b>Оқытушы?(Мұғалім)  <b>4.</b>Автобус пен трамвай тоқтайтын орын?(Аялдама)  <b>5.</b>Әуе жолдарындағы көлік түрі?(Ұшак)  <b>«Егер қауіп төнсе» айдары:</b>  Жедел жәрдем – 103 нөміріне телефон шаламыз.  Өрт – 101 нөміріне телефон шаламыз.  Полиция – 102 нөміріне телефон соғамыз  Газ – 104 нөміріне телефон соғамыз.  Жарық – 105 нөміріне телефон соғамыз</p> <p><b>Есте болсын!</b>  ○ Жаяу жүргіншілер жаяу жолмен ғана жүруі тиіс.  ○ Жолдың бойымен жүруге, ойнауға болмайды.  ○ Көшенің арғы бетіне тек бағдаршамның жасыл белгісі немесе жүргіншіге арналған жол арқылы өту керек.  ○ Тұрған автобус пен троллейбустың артынан, ал трамвайдың - алдынан айналып өткен дұрыс.</p> <p><b>Есте болсын!</b>  ○ Велосипед жаяу жолдың бойымен жүру керек.  ○ Көлік ішінде келе жатқанда жүргізушінің мазасын алмау қажет.  ○ Көліктен немесе ағаш тасасынан жолға жүгіріп шығуға болмайды.  ○ Жол қозғалыс Ережелерін бұзған азаматтарға Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.</p> <p><b>Сабақты қорытындылау :</b></p>	
<p><b>Үйге тапсырма</b></p>	<p>А) "Жол белгілерінің " суретін салу</p>	<p>Жеке</p>
<p><b>Бағалау</b></p>	<p><b>Мұғалімнің қорытынды сөзі және бағалауы</b></p>	

